

**Теміртау қаласы және Ақтау кенті бойынша 2021 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы**

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2021 жылғы 15 қазандағы № 11/5 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 27 қазанда № 24918 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасы "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 10-3 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасыны Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 166 "Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп – ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесін, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20284 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Теміртау қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Теміртау қаласы және Ақтау кенті бойынша 2021 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат хатшысы*

*А. Ломакин*

Теміртау қалалық  
мәслихатының  
2021 жылғы 15 қазандағы  
№ 11/5  
шешіміне қосымша

**Теміртау қаласы және Ақтау кенті бойынша 2021 жылғы арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшері**

№	Атауы	Пайдалы алаңның 1 м <sup>2</sup> * ең аз мөлшері үшін 1 айға (теңге)
1	Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум	25,18

объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшері
--

Ескертулер:

м<sup>2</sup> - шаршы метр;

пайдалы алаң - тұрғынжайдың тұрғын алаңы мен тұрғын емес алаңының жиынтығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК